

6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін алдын ала қорғауға ұсынылған Абильбакиева Галия Тұрысбековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында Қазақстанның әлемдік экономикалық қауымдастыққа енүі барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың сапасын жақсарту мәселесі баса назар иеленеді. Еліміздегі жоғары білім беруді модернизациялау саясаты жыл сайын жетілдіріліп, оку-тәрбие үдерісінің жаңа ақпарат-коммуникациялық технологиялар іздеңстіруді талап етеді.

Жоғары білім берудің қазіргі негізгі мақсаты–болашақ педагогтердің, атап айтқанда мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім алып, біліктілік пен дағдыға қол жеткізуі ғана емес, солардың негізінде дербес, өзінің кәсіби іс-әрекетіне қажетті басқарушылық сапаларын дамытуы және тәжірибеде ұтымды пайдалана білуі өзекті бола мәселе.

Сонымен катар бүгінгі күні даму үстіндегі қоғамда - білім берудің ақпараттандыру, педагогтардың іс-әрекетіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндігі әртүрлі әдістәсілдер арқылы кеңеюде. Бұл болашақ мектепке дейінгі педагогтерінің кәсіби қызметке даярлауда заманауи ақпараттық - коммуникациялық технологиялар құралдарын сауатты пайдалана білуге және олар арқылы өздерінің кәсіби қызметінде интернет ресурстарды, соның ішінде электрондық оқыту құрылғыларын тиімді пайдалана алуға оқытудың қажет екендігін нақты көрсетеді.

Осы түргыдан алып қарағанда, докторант Г.Т.Абильбакиеваның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациялық жұмысы теориялық зерттеулермен және практикалық маңыздылығымен оте көкейкесті. Аталған жұмыс Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаға және білім беру стандарттарына сәйкестендіріліп орындалған.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір иәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу барысында ізденуші белгілі философтар, психологтар, педагогтар еңбектерін негізге алу арқылы «басқарушылық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мағынасын ашып көрсеткен. Осы ұғымдардың мазмұны мен құрылымын айқындаپ, мазмұнына түсінік берген. Автордың зерттеу кезеңіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты материалдарға жан-жақты талдау жүргізендігі, сондай-ақ автор психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасаумен қатар отандық ғалымдардың еңбектеріне де зерттеудің мазмұнын ашу үшін ұтымды талдаулар жасап, колдана білгендігі зерттеу жұмысының жетістігі болып табылады.

2.1. Автордың «бақарушылық құзыреттілік», «болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі ғылыми еңбектерді зерделеуін талдау нәтижесінде ұғымды нактылай алуы, оның мазмұнына сипаттама бере білуі бірінші нәтиженің шынайылығы бола алады.

2.2. Екінші нәтиже-болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру ұғымының құрылымының анықталуымен шынайылығының дәлелі бола алады.

2.3. Ушінші нәтиже - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мақсат-міндеттері, теориялық негіздері, компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері нактыланған құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденгенденігі шынайы бола алады.

2.4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру әлеуетін әдістемелік түрфіда талдау жасауы төртінші нәтиженің шынайылығын көрсетеді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертацияга қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі мәселені дұрыс қоя білуінде, оны негізdep, ұтымды теориялық-әдіснамалық бағыттаңдай алуында. Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми корытынды мен нәтиженің жаңалығы бірнеше қырынан танылады:

3.1. «Басқарушылық құзыреттілік» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылуына терең теориялық талдау жасап, кешенді зерттеудің жүргізілуі- бірінші нәтиженің жаңалығы болып табылады.

3.2. Бірінші нәтижеге жету үшін диссидент зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шетелдік психологиялық және педагогикалық еңбектерді зерделеген. Солардың нәтижесінде зерттеу нысанына алынып отырған

мәселенің тірек ұғымы болып табылатын «басқарушылық құзыреттілік» «болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігі» түсінігінің өзіндік нақтыланған анықтамасы мен сиппатауын келтіріп отырғандықтан жаңалық болып табылады.

3.3. Зерттеу жұмысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру, құрылымдық-мазмұндық моделі, оның мазмұнына сәйкес әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалғандықтан жаңа болып табылады.

3.4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған элективті курс мазмұны мен әдістемесін жасалып, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізілген.

Осы жоғарыдағы аталған нәтижелермен қатар зерттеу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған электрондық оқу әдістемелік құралдың және ақпараттық білім беру порталының жасалынып ұсынылғандығын да атуға болады.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиесті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешүге бағытталатындығы.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында кол жеткізілген ғылыми және практикалық негізгі нәтижелері: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі ЖОО тәжірибесіне енуімен «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында элективті курс бағдарламасы мен әдістемесінің жасалынуымен дәйектелген.

Бұл жұмыс ҚР-ның білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттерді шешүге бағытталып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда толық қолдануға мүмкіндік береді.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 15 мақалада жарияланды. Соның ішінде -3 мақала ҚР БжFM Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 -Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5-халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 3- шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 3-шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды.

6.Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі жетістіктер мен кемшіліктер.

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты тәмендегідей ескертпелеріміз бар:

1.Мәселенің зерттелу деңгейін отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде тереңірек аша түскенде диссертацияның сабактастық маңызы арта түсер еді.

2.Диссертацияда жаңартылған білім беру бағдарламасындағы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне қойып отырган талаптарды талдау ұтымды жасалған.«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін калыптастыру әдістемесі көnlге қонымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін практик ретінде даярлау тұрғысындағы жұмыстар қамтылғанда еңбектің практикалық тұрғыдан маңыздылығы арта түскен болар еді.

3.Диссертацияда орфографиялық, стилистикалық қателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапка сай жазылған еңбектің құнын тәмендетпейді.

7.Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Докторант Абильбакиева Галия Турсыбековнаның зерттеу жұмысы сауатты ғылыми тілде жазылған. Эр түрлі басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектері мен диссертация мазмұны бойынша алған нәтижелері ізденушінің зерттеу тақырыбын жетік менгергенін көрсетеді.

Ізденуші ұсынып отырган «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін калыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аталған мамандықка сай, аяқталған, КР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп есептеймін. Сондықтан, оның авторы Г.Т. Абильбакиеваны 6D010100-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты деп санаймын.

Рецензент:

**I.Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**


N.A. Абисев

